

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «13» тамыздағы
№ 345 бұйрығына 1-қосымша

**Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу
шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды
даярлық сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру
бойынша ұсынымдар**

1-тaraу. Жалпы ережелер

Мектеп жасына дейінгі балалармен (бұдан әрі - МДҰ) сабактарды ұйымдастыру нысандары өнірлердегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты анықталады:

- 1) қашық форматта сабактар (консультациялар) өткізу;
- 2) МДҰ кезекші топтармен сабактар өткізу.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қашық форматта сабактар (консультациялар) – үй жағдайында оқыту (консультация), ата-аналардың жетекшілігімен балалар педагогтердің тапсырмаларын үйренеді және орындайды (көбінесе ересек, мектепалды жастағы балалар).

МДҰ кезекші топтармен сабактар өткізу - тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып МДҰ оқу- тәрбие қызметін ұйымдастыру нысаны.

**2- тарау. Қашықтан оқыту форматындағы сабактарды
(консультацияларды) ұйымдастыру тәртібі**

Қашықтан оқыту режимінде тәрбиленушілерге бейнесабактар өткізу ата-аналар қауымдастығының сұраныстарын және әлеуметтік тапсырысты орындауды, сондай-ақ қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы тәрбиленушілердің ата-аналарын консультациялық қолдауды қанағаттандыруға бағытталған.

Мектеп (шағын орталық болған жағдайда) және мектепке дейінгі ұйым басшылары ата-аналардың (балалардың заңды өкілдерінің) хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында және ересектер тобы, мектепалды даярлық тобы/сыныбы балаларына қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша:

- қашықтан оқытудың барлық қатысушыларының (педагогтер, балалардың ата-аналары/заңды өкілдері) ересектер тобы, мектепалды даярлық тобы/сыныбындағы балаларын қашықтан оқытуды ұйымдастыру туралы

сабактың басталу күнін көрсете отырып хабардар болуы;

- қашықтан оқытуды өткізу үшін әр отбасында қолжетімді байланыс түрлерінің, интернет-ресурстардың тізімін анықтау;

- «Саят ашу негіздері», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен танысу» бойынша (күніне бір сабак) қашықтан кіріктірілген сабак кестесін құруы;

- педагогтердің демонстрациялық материалдарды, дидактикалық ойындарды және т.б. кеңінен қолдана отырып, қашықтан оқыту сабактарының конспектілерін (бейнесабактармен оқыту) әзірлеуі;

- ересектер тобында, мектепалды даярлық тобы/сыныбында педагогтер жас топтарын ескере отырып, бейнесабактар, мультфильмдер, аудио-ертеғілер орналастыратын әлеуметтік желілерде (WhatsApp, Facebook, Instagram және т.б.) топтар құру;

- ата-аналармен кері байланысты қамтамасыз ету;

- топтардың, сыныптардың контингентін бекіту, сабак кестесін, жұмыс кестесін, күн тәртібін жасау;

- еңбек заңнамасына сәйкес қашық форматта (қажеттілігі бойынша) білім беру процесін қамтамасыз ету бойынша қызметкерлердің еңбек функцияларын қайта бөлу;

- еңбек заңнамасына сәйкес қашық форматта жұмысты қамтамасыз ететін, қызметкерлердің (әкімшілік, техникалық персонал) еңбек функцияларын анықтау бойынша жұмысты ұйымдастырады.

Басшының орынбасарлары, әдіскерлер:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын ересек, мектепалды жастағы балалардың менгеруіне бағытталған қашықтан оқытуды ұйымдастырады;

- педагогтермен бірге ересек, мектепалды жастағы балаларды қашықтан оқытуды қамтамасыз етеді;

- жұмысты ұйымдастыру туралы барлық қашықтан оқытуға қатысушылардың (педагогтер, балалардың ата-аналары/заңды тұлғалар) белсенді ақпараттандырылуына ықпал етеді;

- қажет болған жағдайда балаларды қашықтан оқыту нәтижелерімен бейне талқылау өткізеді;

- ҰБДҚ мәліметтерін, тәрбиеленушілердің ауысуы, педагогтерінің сапалық құрамы, материалдық база, техникалық персонал және т. б. туралы ақпарат базасын толтырады;

- сабак кестесін құрады;

- педагогтердің қызметін ұйымдастырады;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарына жеке консультация беруді жүзеге асырады;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарын (заңды өкілдерін) білім беру платформасы, сабак кестесі туралы хабардар етеді.

Педагогтер:

- бекітілген кестеге сәйкес қашықтан сабак өткізеді;

- ата-аналар үшін жеке консультация өткізеді

- қашықтан оқытудың барлық қатысушыларымен кері байланысты

қамтамасыз етеді.

- қашықтан оқыту нәтижелерін ескере сабак конспектісіне түзету енгізеді.

Қашық форматтағы сабақтарға ұсынымдар

Санитариялық қағидаларға сәйкес ересектер тобында, мектепалды тобы/сыныбында балаларға арналған сабактар 15 минуттан артық емес қашық форматта өткізіледі.

Тәрбиеші тәрбиеленушілердің ата-аналарына әрекет алгоритмі жазылған жаднама ұсынып, стриминг режимінде (қажеттілігі бойынша) сабакқа алдын ала дайындауы керек.

Сабакқа дейін:

- өз құрылғысына қолжетімді қосымшаны жүктеу;
- қосымша құралдарының жұмысын тексеруі (микрофон, бейне, экранды көрсету және т. б.);
- тіркелу үшін өзінің тегі мен атын, жас тобын/сыныбын пайдалану;
- сабак алдында 10-15 минут бұрын платформаға қосылууды тексеру.

Сабак үақытында:

- бөгде дыбыстардың болмауын қамтамасыз етуі;
- микрофонның жұмыс істеуін қадағалауы (қажет болған жағдайда ғана қосу);
- бейненің көрінуін бақылауы;
- әдептілік мінез-құлыш нормаларын сақтауы;
- платформа құралдарын дұрыс қолдануы (қажет кезде: педагогке (ата-анаға) хабарлама жазу, бейне/аудио немесе презентацияны қосу) қажет.

Ересектер тобында, мектепалды тобы/сыныбында сабақты синхронды форматта оқыту интернет-платформалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, педагогтің ата-аналармен және тәрбиеленушілермен нақты бір үақытта тікелей байланыста (стриминг) болуын көздейді. Тәрбиеші стримингке шығу үшін сабақтың белгілі бір бөлігін бөліп көрсете алады, сабақтың қалған бөлігін асинхронды форматта өткізе алады.

Сабақтың асинхронды форматы педагогтың ата-аналармен және тәрбиеленушілермен электрондық платформалардың мүмкіндіктері арқылы өзара іс-қимылын білдіреді.

Қашықтан оқыту үшін электрондық платформаны қолдану бойынша ұсынымдар

Қашықтан оқыту үшін білім беру интернет-платформаларын, сондай-ақ, электрондық поштаны, басқа да байланыс құралдарын пайдалану ұсынылады. Online.edu.kz білім беру платформасында ашылған парапашасында жас топтарын ескере отырып, бейне-сабақтар, мультфильмдер, аудио-ертеғілер үлгілері, сондай-ақ мектепалды тобы/сыныбына арналған бейнесабақтар орналастырылған.

3- тарау. Мектепке дейінгі ұйымдарда кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру

Кезекші топтардың жұмысы санитарлық талаптарды қатаң сақтаған жағдайда, оның ішінде осы тәртіпке сәйкес ата-аналардың (балалардың заңды өкілдерінің) өтініштері негізінде жүзеге асырылады. Өтініштер электрондық нысанда қолжетімді құралдар арқылы қабылданады (1-қосымша).

Кезекші топқа баруға ниет білдірген жағдайда балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері мектепке дейінгі ұйым басшысының атына өз қалауы туралы өтініш жазады және оны қол жетімді байланыс құралдары арқылы тәрбиешіге жібереді.

Тәрбиеші өтінішті әкімшілікке береді.

Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі берілген өтініштер негізінде 15 балаға дейінгі кезекші топтарды құрады.

Кезекші топтардың контингенті, кестесі, жұмыс кестесі, педагогикалық құрамы педагогикалық кеңестің отырысында бекітіледі, қажет болған жағдайда өзгерістер енгізіледі.

Кезекші топтардағы білім беру процесі мектепке дейінгі ұйымның бекітілген жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Күн сайын балабақшада кезекші топтармен медицина қызметкері барлық қызметкерлерді және балаларды таңертеңгі фильтрден өткізеді. Ауру белгілері анықталған жағдайда қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді, балалар ата-аналарымен үйіне қайтарылады.

Созылмалы аурулары жоқ балаларды кезекші топқа жіберу ұсынылады (өтініште көрсетіледі).

Басшының атына өтініш беру арқылы кезекші топтарға баруды таңдау құқығы балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне тиесілі.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларын кезекші топтарға апара отырып, олардың қоғамдық ортада болатынына және коронавирустық инфекцияны жүқтყыру қаупін болдырмау үшін барлық шараларды қолдануға келісімін береді және түсіністік танытады.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларын санитарлық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етеді: қол орамалдар, дымқыл бактерияға қарсы майлыштар мен маскалар (5 жастан бастап).

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларына әлеуметтік қашықтықтың қажеттілігі туралы түсіндіреді.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларын мектепке дейінгі ұйымның сыртқы кіретін есігіне дейін ертіп апарады. Кіріберісте тәрбиеші балаларды қарсы алады және топқа апарады.

Мектепке дейінгі ұйым дезинфекциялау құралдарының қорымен (кіре берістегі дезинфекциялау кілемшесі, санитайзерлер, ылғалды, дезинфекциялық жинауды қамтамасыз етуге арналған құралдар) қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымда қамтамасыз етіледі:

- тәрбиеленушілер мен педагогтердің, басқа да қызметкерлердің физикалық

байланыстарын қысқарту;

- әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету үшін ойын аландарын барынша пайдалану;

- тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің дene қызынын күн сайын өлшеу;

- топтардағы әрбір сабактан кейін дәліздерді, холлдарды және басқа да үй-жайларды ылғалды жинау, ажыратқыштарды, есік тұтқаларын, сүйеніштерді, баспалдақтың араларын, терезенің алдын дезинфекциялау;

- медициналық кабинеттер мен оқшаулау бөлмесінің жұмыс істеуі (күн сайын дene қызынын өлшеу, ауру белгілерін анықтау, оқшаулау, ауырғандар анықталған жағдайда- барлық топты қашықтан оқытуға көшуді қамтамасыз ету, топтағы балалардың жағдайын бақылау, топты штаттық режимге қайтару);

- балалардың кіруі мен шығуы үшін балабақшаның әр жас тобында жеке кіру және шығу есіктері пайдаланылады.

Кезекші топтардың жұмыс істеуіне ұсынымдар:

топтардың толымдылығы - 15 баладан артық емес;

балалар үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастыру;

әрбір сабактан кейін кабинеттерді желдету, кварцтау;

қолды жуу және залалсыздандыру арнайы құралдарын пайдалану.

Тәрбиеші МДҰ бару мәселесі бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді (жұмыс тәртібі, жас топтары, денсаулық жағдайы, тиісті киім, МДҰ күн тәртібін сақтау және т. б., баланы алдын ала алып келу, себебі балаларды қабылдау белгілі бір уақытты алуы мүмкін).

Кезекші топтардағы сабактар перспективалық жоспар мен циклограммаға сәйкес кесте бойынша өткізіледі.

Тамақтану, ұйымдастырылған оқу қызметі, ұйқы, демалыс режимі сақталады.

Күн тәртібі аяқталғаннан кейін ата-аналар немесе занды өкілдер балаларды алып кетеді, тәрбиеші баланы шыққанға дейін ертіп барады.

4- тарау. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, бейнесабактарды әзірлеу бойынша ұсынымдар

Ұйымдастыру іс-шаралары:

- бейнесабактың мазмұны Стандарт пен Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес келуі;

- оқытудың дидактикалық қағидаларын жүзеге асыру;

- ақпараттық-коммуникациялық және мультимедиялық технологияларды, аудиовизуалды құралдарды (графика, аудио, бейнематериалдар, презентациялар) тиімді пайдалану;

- бейнесабактардың материалдарын оффлайн режимінде пайдалану мүмкіндігін ұсыну;

- бейнежазба ұзақтығы - 15 минуттан аспайды.

Сабак мазмұны:

- «классикалық» (баяндау) және стандартты емес стильдердің сәйкестігі;

- түсіру мен таңбаны толтырудың үйлесімді қатынасы (экрандар және т.б.);

- слайдтар саны – бір сабакқа 2-3 слайд.

Эмоционалды фон:

- педагогтың дауысы қалыпты, жағымды, дыбысталуы қабылдауга жетерлік, анық сөйлейді, жақсы дикция;
- баяндауы түсінікті, еркін, жеткілікті мөлшерде эмоционалды (қатысу эффектісі) асықпай сөйлейді;
- психологиялық әсер: айтылатын мәтіннің стилі мен тілі, интонация, жеке сөйлемдерді қабылдауы, эмоционалды көтеріңкілік, кідіріс;
- сәйкес мағынада (эмоционалды) музыкалық сұйемелдеу;

4. Сабак дизайны:

- түс фоны тұрақты-түс гаммасына жақын үш түстен тұрады;
- дыбысы анық (бөгде дыбыстарсыз), дыбыстың біркелкі естілуі.

Педагогтың психологиялық-педагогикалық дайындығына ұсынымдар:

- тәрбиеленушілердің жас және психологиялық ерекшеліктерін білу;
- электрондық оқыту ресурстарын әзірлеуге және құруға қойылатын талаптарды білу;

Әдістемелік дайындық:

- электрондық білім беру материалдарын әзірлеу мен қолданудың әдістемелік тәсілдерін менгеру;
- стандартты емес жағдайларда сабактың мақсаттарын анықтау және жүзеге асыру;

IT-технологиялармен жұмыс істеу дағдылары:

- IT-құзыреттіліктердің болуы;
- цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу және қолдану дағдылары;

Бейнесабактарға ұсынымдар:

- ұзақтығы: 15 минуттан аспайды;
- икемді кесте;
- кез келген уақытта қарау мүмкіндігі.

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай тұрақты жақсарған кезде санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, мектепке дейінгі үйымдардың және мектепалды сыныптарының штаттық режимде жұмыс істеуге біртіндең көшуі жүзеге асырылады.